

# Жыр арқауы: «Алаш арыстары»

**Арқалық қалалық Мәдениет сарайының ұйымдастыруымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Іляс Жансүгіровтің - 125 жылдығына арналған «Алаш арыстары» атты қалалық жазба жас ақындар мүшайрасы өткізілді.**

Байқауға бойында тума таланты бар, ұшқыр қаламынан жырдың сұлу тамшылары төгілген ақиық ақындарымыздың жолын қуып, өнер әлемінде қалыптағысы келетін, келешегінен мол үміт күттіретін 13 талантты жазба ақын қатысты. Аталмыш жыр додасының мақсаты көрнекті қайраткерлердің әдеби мұрасын және тарихтағы елеулі орнын насихаттап, Тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениет пен мәдениет биігін, еркін елдің жарқын жетістіктерін, өткен тарихы мен кемел болашағын жырға қосып, поэзияның құдіреті арқылы қалың жұртшылыққа жеткізу болып табылды. Жыр сайысында киелі Торғай топырағында ертеңгі күні қалың жұртшылыққа машһүр болатындай ақындар легінің барын байқадық. Әділқазылар алқасының шешімімен жүлделі 1 орынға Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының студенті Рамазан Сарманов лайық деп танылып, ұйымдастырушылар тарапынан тағайындалған дәрежелі диплом мен қаржылай сыйлықтарға ие болды. Екінші орынға қол созған Руслан, ал үшінші орынды өзара бөліскен Ибадат Қойшыбайұлы мен Аман Қуанышов та дәл осындай марапаттар алды. Жүлделі орындардан тыс қалған сөз сайысында салмақты ойын әсерлі ұйқаспен өрнектеген өнер додасына қатысушы үміткерлерге номинациялар беріліп, ынталандыру ақшалай сыйлықтар табысталды. Сөз өнері арқылы жас өрендерді адамгершілік құндылықтарға бағыттап, ұлттық поэзияның ізін жалғар өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі тәжірибелі тәлімгерлерге алғыс хат ұсынылды. Жас ақындарымыздың керемет кешіне куә болған көрермендер жоғары көңіл-күймен тарқасты. Қазағымның қанына біткен өшпес мұрасын ұрпаққа жалғастырар ұландары барда, Торғай өзенінің толқынындай тулаған жас ақындарымыздың арамыздан өсіп шыға беретініне сеніміміз мол!

**З.ТАПАЛОВА,**
**Арқалық қалалық мәдениет сарайы әдебиет бөлімінің меңгерушісі.**